

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «2 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысының

№ 1 хаттамасы

**Қатысқандар:**

Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры М.Қ.Ташов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер.

**Күн тәртібі:**

1. 2020-2021 оқу жылындағы білім беру ұйымның қызметі: 1 жарты жылдықтың есебі

**Тыңдалды:** Мектеп директоры М.Қ.Ташов 2020-2021 оқу жылындағы білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы туралы мәлімет берді. Мектепте жалпы 159 мұғалім қызмет атқарады, оқушы саны 1495 оқушымен қамтылды. 1 жарты жылдықта 140-үздік, 501-оқушы озат болып 49,54% білім сапасын көрсетті. Мектеп мұғалімдері жыл бойы деңгейлік бағдарламада оқығандығы, олардың үздіксіз курстарға барып жатқандығы туралы айтып өтті, үш тілді білім беру арқылы оқушылардың болашақта жоғары деңгейде білім алуына қол жеткізетіні туралы айтылды. Биылғы оқу жылында 2 ерекше үлгідегі аттестатқа үміткер оқушыларымыз бар.

**Мектептің 2021 жылға қойған мақсаты:**

- 1.1 Оқыту мен оқудағы білім алушылардың саналы білімге қол жеткізуіне жағдай жасау;
- 1.2 Білім додаларында сапалы жетістікке жетуге ықпал ету;
- 1.3 Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ден жоғары нәтижеге жетіп, оқу гранттарымен қамтамасыз етілуіне жұмыстану;
- 1.4 Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытып, кәсіби дамуына жағдай жасау;

**Шешім:**

Жалпы мектеп бойынша демеушілер мен ата-аналардың қолдауымен қайырымдылық жұмыстарын жалғастыру.

Ұсыныс: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Құлбай мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнайы кабинет жасақталып, логопед мамандарының жұмысы жүйеге қойылса.

Мектеп директоры:  
Қамқоршылық кеңес хатшысы:



*(Handwritten signatures in blue ink)*

М.Қ.Ташов  
А.Жексембет

№2 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ҚК комиссиясы  
отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

«9» маусым 2020 жыл

Қызылтөбе селосы

Қатысушылар:

ҚК төрағасы: К.Нөкеров  
ҚК комиссия мүшелері: Н.Беков

Г.Назирова  
Д.Назарова  
Д.Шәкенова  
Р.Қонарбаева  
Ш. Чувакбаева  
Ж.Бекова  
Р. Отегулова

ата-ана, төраға;  
Дәулет ауылдық округі әкімінің  
Орынбасары;  
ата-ана, мүше;  
«Шанс» бизнес орталығы – психолог;  
жеке кәсіпкер;  
ата-ана, мүше;  
ата-ана, мүше;  
ата-ана, мүше;  
Дәулет ауылдық округі Бастапқы  
медициналық көмек көрсету  
орталығы-дәрігер

Күн тәртібінде:

1. 2019-2020 оқу жылындағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу мәселесі;

Тыңдалды:


2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы К. Нөкеров сөз алды. 2019-2020 оқу жылын «№2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ – нде 55 түлек орта мектепті бітірді. Оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері 2 оқушы. Олар Қашаған Әсем және Қосымбай Аружан. Ұлттық бірыңғай тестілеуге ниет білдіргендер саны 52. Тестілеуге қатысуға 48 оқушы онлайн тіркеуден өтіп, 3 оқушы жасы 16-ға толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ болғандықтан, 1 оқушы әлеуметтік жағдайына байланысты дәстүрлі әдіспен тіркеуден өтті. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы негізінде және 2020 жылы ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу туралы ережелермен оқушыларға және ата-аналарға жадынама таратылып, тестілеуден өту кезінде тыйым салынған заттар мен рұқсат берілмейтін іс-әрекеттермен таныстырылды.

Шешім

Комиссия отырысының шешімі бойынша:

1. Тестілеуге өздігінен бара алмайтын оқушыларды анықтап, мектеп тарапынан жол қауіпсіздігін ескере отырып, автобус ұйымдастырлады деп шешілді.
2. Мемлекеттік тәртіпті күшейту шараларын қолдану және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын, «Ар-намыс» кодексін мүлтіксіз басшылыққа алып, заң бұзушылыққа жол бермеу қадағалансын.

Комиссия төрағасы:  
Хатшы:



К. Нөкеров  
А.Жексембет